

Ақтөбе облысының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қою және есептен алу тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 294 қаулысы. Ақтөбе облысының Эділет департаментінде 2017 жылғы 14 қыркүйекте № 5647 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № 363 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 08.11.2021 № 363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі " Азаматтық қорғау туралы" Заңының 77-бабы 4-тармағына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қою және есептен алу тәртібі айқындалсын.

2. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Эділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.Е.Абдуллинге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 294 қаулысына қосымша

Ақтөбе облысының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қою және есептен алу тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақтөбе облысының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қою және есептен алу тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 77-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Осы Тәртіpte келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) қазандық - оттықсыз немесе технологиялық не металлургиялық өндірістердің ыстық газдары не басқа да технологиялық өнім ағындары көз есебінде пайдаланылатын газдарды әбден жандыруға арналған оттығы бар бу немесе су жылдыту қазандығы;

2) бу қазандығы - оттығы бар және онда жанатын отын өнімдерімен жылдытылатын және осы құрылғыдан тыс қолданылатын атмосфералық қысымнан жоғары қысымды бу алуға арналған құрылғы;

3) су жылдыту қазандығы - атмосфералық қысымнан жоғарғы қысымда болатын және жылу тасымалдаушы ретінде құрылғының өзінен тыс пайдаланылатын суды жылдытуға арналған және ондағы жағылатын отын өнімдерімен жылдытылатын оттығы бар құрылғы;

4) ыдыс - химия, жылдыту және технологиялық процесс жүргізу, сонымен бірге газ тәріздес, сұйық және басқа да заттарды сақтау және тасымалдауга арналған герметикалы жабық ыдыс. Шығатын және кіретін штуцер ыдыстың шекарасы болады;

5) қауіпті техникалық құрылғылар:

қауіпті өндірістік объектілерде пайдаланылатын, қадағалауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын 0,07 Мегапаскальдан (бұдан әрі – МПа) астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан (бұдан әрі - °C) аса судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар , жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, фуникулерлер, лифтілер;

бақылауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілеріндегі 0,07 МПа-дан астам қысыммен және (немесе) 115 °C асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылдыту қазандықтары (жылумен жабдықтау ұйымдары), 0,07 МПа-дан астам қысыммен жұмыс істейтін тұтіктер, жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер;

6) жүк көтергіш механизм - кеңістікте жүктің орнын ауыстыруға арналған, жүк қармауышының қайтымды-ілгерілемелі қозғалысымен циклдік әрекет ететін көтергіш құрылғы;

7) жүк көтергіш кран - стационарлық орнатылған жүк көтергіш механизмдермен жаракталған техникалық құрылғы;

8) лифт - тігінен еңіс бұрышы 15° аспайтын, қатты тік сзықты бағыттағыштарға қарай қозғалатын кабинада адамдарды және (немесе) жүктерді көтеру және түсіруге арналған мерзім сайын іске қосылатын стационарлық жүк көтергіш механизм;

9) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

2. Жүк көтергіш механизмді есепке қою және есептен алу

3. Лифт иесінің немесе пайдаланушы үйым басшысының жазбаша өтініші негізінде, өтінішке қоса берілетін және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің "Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бүйрекімен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10332 болып тіркелген) Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 72-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі бойынша жергілікті атқарушы органда есепке қою (тіркеу) жүргізіледі.

4. Паспортпен бірге дайындаушы паспортында көрсетілген құжаттар тізбесі және жүк көтергіш механизмдердің түрі мен ұлгісіне қарай құжаттар тізбесі беріледі.

5. Дайындаушы паспорты жоқ жүк көтергіш механизмді есепке қою мамандандырылған сараптама үйымымен жасалған паспорт телнұсқасы негізінде жүргізіледі.

6. Есепке мыналар қойылмайды:

қол жетекті механизмдерімен барлық типтегі крандар, қол жетекті механизмі қозғалысы кезінде көтеру механизмі ретінде пневматикалық немесе гидравликалық цилиндр қолданылған крандар;

көпірлі крандар және жылжымалы немесе жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін қоса алғанда, еденнен кранға ілінген тетігі бар аппарат немесе стационар пульт көмегімен басқарылатын айналмалы консольді крандар;

жүк көтергіштігі 20 тоннаға дейін қоса алғанда жебесі бар крандар;

үнемі ұшырылатын немесе айналу механизмімен жарақталған жебе үлгісіндегі крандар;

монтаждалатын құрылышта орнатылатын діңгектерді, ғимараттарды, құбырларды монтаждау үшін жылжымалы крандар;

оқу мақсаттарында кәсіби техникалық училищелер мен техникалық курсар полигондарында орнатылған көпірлі және мұнаралы крандар;

экскаваторларда, уату-жүктөу агрегаттарында және басқа да технологиялық машиналарда орнатылған, бұл машиналарды жөндеу үшін қолданылатын крандар;

жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін кран-манипуляторлар;

электр тальдар және жүкті және (немесе) адамдарды көтеруге арналған шығырлар.

7. Жүк көтергіш крандар есептен шығарылғанда және қайта монтаждағанда, кранды басқа заңды немесе жеке тұлғаға бергенде, кранды тіркелмейтіндер тобына ауыстыру кезінде есептен шығарылуы тиіс.

8. Жаңадан орнатылған лифт немесе қайта қалпына келтірілгеннен (жанғыртылғаннан) кейін лифт пайдалануға енгізілгенге дейін жергілікті атқарушы органда есепке қойылады (тіркеледі).

9. Шағын жүк көтеретін лифт ішкі есепке қойылады.

10. Лифт кабинасы металл құрылымын толығымен жана кабинаға ауыстыру жүргізілген жаңартудан кейін лифтіге жаңа паспорт жасалады.

11. Жүк көтергіш механизмді есептен алу лифт иесінің немесе пайдаланушы үйім басшысының жазбаша өтініші бойынша паспортта есептен алу себептері туралы жазба қалдырылып ресімделеді.

3. Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды есепке қою және есептен алу

12. Қазандықты есепке қою (тіркеу) кезінде жергілікті атқарушы органға мыналар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің "Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10303 болып тіркелген) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 25-қосымшасына сәйкес қазандық паспорты;

2) қазандықты техникалық куәландыру актісі;

3) монтаж сапасы туралы куәлік;

4) қазандық орналасқан үй-жайдың сыйбасы (жоспар және көлденең тілік және қажеттілігіне қарай бойлай тілік);

5) жобаға су дайындығының сәйкестігі туралы анықтама;

6) тоқ құралдарының болуы, сипаттамасы және жобаға сәйкестігі туралы анықтама;

7) үйымдағы өндірістік бақылау туралы ереже;

8) қазандықты Қазақстан Республикасының аумағында Занға сәйкес қолдануға рұқсат ету туралы ақпарат.

13. Дайындаушының паспорты жоқ қазандықты есепке қою мамандандырылған сараптама үйымы құрастырған паспорттың телнұсқасы негізінде жүргізіледі.

14. Ідисты есепке қою, есептен шығару үшін ыдисты пайдаланатын үйимның басшысы жергілікті атқарушы органға өтініш береді.

15. Ідистар іске қосылғанға дейін жергілікті атқарушы органда есепке қойылады.

16. Мыналар есепке алынбайды:

1) қабырға температуrasesы 200°C жоғары болмаған кезде жұмыс істейтін, текше метр (бұдан әрі – m^3) сыйымдылықта (литре) МПа-мен (килограмм күш шаршы сантиметрге (бұдан әрі - $\text{kг}/\text{см}^2$) қысымды шығаруы 0,05-тен (500) аспайтын бірінші топтағы ыдистар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген температурада жұмыс істейтін, m^3 сыйымдылықтағы (литре) МПа-мен (kg/cm^2) қысымды шығаруы 1-ден (10000) аспайтын 2, 3, 4-ші топтағы ыдистар. Ідистар тобы Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қафидаларының 3-қосымшасы бойынша анықталады ;

2) жылу оқшаулағыш қаптаманың ішінде орналасқан ауа бөлетін қондырғылардың және газдарды бөлетін аппараттар (регенераторлар, ұстындар, жылу алмастырғыштар, конденсаторлар, адсорберлер, бөлгіштер, буландырғыштар, сұзгілер, салқыннатқыштар және қыздырғыштар);

3) технологиялық қондырғылар құрамындағы тоқазытқыш қондырғы және тоқазытқыш блок ыдистары;

4) ауа электр ажыратқыштарының резервуарлары;

5) турбиналарды, генераторларды және сорғыларды реттеу, майлау және тығыздау жүйесіне кіретін ыдистар;

6) сұйытылған газды тасымалдауға арналған бөшкелер, стационарлы орнатылған, сондай-ақ сығылған, сұйытылған және ерітілген газды тасымалдауға және (немесе) сақтауға арналған сыйымдылығы жүз литрге дейін қоса алғандағы баллондар;

7) гидрометеорологиялық қызмет пайдаланатын сутегін алуға арналған генераторлар (реакторлар);

8) мұнай мен газды өндіріп алушың жабық жүйесіне енген ыдыстар (ұнғымадан магистральды құбыр өткізгішке дейін);

9) сұйытылған газды, қысымның астындағы сұйықтарды және сусыма денелерді тасымалдауға арналған ыдыстар оларды мерзімді түрде босату кезінде;

10) сығылған және сұйытылған газы бар, өздері орнатылған көлік құралдарының қозғалтқыштарын отынмен қамтамасыз етуге арналған ыдыстар;

11) жер астының тау-кен өндірістерінде орнатылған ыдыстар;

12) газ құбырларында, газ тарату станцияларында, пункттерінде және қондыргыларында орнатылған висценді және басқа сұзгілер.

17. Есепке қою үшін ыдыс иесі мыналарды ұсынады:

1) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 23-қосымшасына сәйкес ыдыс паспорты;

2) монтаж сапасы туралы күелік;

3) қысым көзі, параметрлері, оның жұмыс ортасы, арматура, бақылау-өлшеу құралдары, автоматты басқару құралдары, сақтандыру және бұғаттау құрылғылары көрсетілген ыдысты қосу сұзбасы;

4) өткізу қабілеті есептелген сақтандыру клапанының паспорты;

5) ұйымдағы өндірістік бақылау туралы қағида;

6) ыдысты Қазақстан Республикасының аумағында Занға сәйкес қолдануға рұқсат ету туралы ақпарат.

18. Дайындаушы паспорты жоқ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды есепке қою аттестатталған сараптама ұйымымен құрастырылған паспорттың телнұсқасы негізінде жүргізіледі.

19. Қызмет етудің нормативтік мерзімінен өткен ыдыстарды есепке қою кезінде сараптама ұйымының оны әрі қарай қауіпсіз пайдалануға болатындығы туралы қорытындысы ұсынылады.

20. Ідысты жаңа орынға қайта орнату кезінде немесе ыдысты басқа иесіне беру кезінде, оны қосу сұзбасына өзгерістер енгізу кезінде ыдыс іске қосылғанға дейін жергілікті атқарушы органда қайта тіркеледі.

4. Құбыр өткізгіштерді есепке қою және есептен алу

21. Заңның 15-бабы 3-тармағы 21) және 22) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің "Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бүйрекшімен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10303 болып тіркелген) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 1-

қосымшасына сәйкес, 0,07 МПа-дан астам 1,6 МПа-ға дейін қысыммен немесе 115 °C-тан астам 250 °C-қа дейін температура кезінде жұмыс істейтін IV санатты құбыр өткізгіштер жергілікті атқарушы органда жұмысты іске қосқанға дейін тіркеледі.

22. Жергілікті атқарушы органда құбыр өткізгішті тіркеу кесіпорын әкімшілігінің және құбыр өткізгіш иесінің жазбаша өтініші негізінде техникалық қуәландыру жүргізгеннен кейін орындалады. Келесі құжаттар ұсынылады:

1) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 26-қосымшасы бойынша құбыр өткізгіштің паспорты;

2) құбыр өткізгіштің орындау схемасы:

құбырдың диаметрі, қалындығы, құбыр өткізгіштің ұзақтығы;

тиектің орналасуы, өтемдеуіш, аспалы, арматуралар, ауа және дренажды қондырғылар;

олардың арасындағы ара қашықтықты көрсете отырып дәнекерлеу қосындысы және олардан құдықтан және абоненттік енгізуге дейін;

жылыштықты өлшеу үшін құрылғыны ауыстыру көлемін көрсете отырып жылуды ауыстыруды бақылау үшін көрсеткіштерді орналастыру;

3) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 20-қосымшасына сәйкес құбыр элементтерін дайындау туралы қуәлік;

4) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 21-қосымшасына сәйкес құбырды монтаждау туралы қуәландыру;

5) монтаждау ұйымынан иесімен құбырлы қабылдан алу акті;

6) ұйымдағы өндірістік бақылау туралы ереже.

23. Құбыр өткізгішті есепке қоюға дайындаушы паспорты болмаған жағдайда мамандандырылған сараптама ұйымымен құрастырылған паспорттың түпнұсқасы негізінде жүргізіледі.

5. Қорытынды ережелер

24. Құжаттар топтамасын дайындау және жергілікті атқарушы органда есепке қою қауіпті техникалық құрылғылардың иелерімен, оларды пайдаланатын және қызмет көрсететін ұйымдарымен жүзеге асырылады.

25. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыны пайдаланатын жеке және (немесе) занды тұлғалар жүгінген кезде, жергілікті атқарушы орган есепке қою және есептен алу үшін құжаттардың толықтығын тексереді.

26. Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен алу туралы хабарламаны ұсынып, жергілікті атқарушы органға өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен алу жүзеге асырылады.

27. Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен алу кезінде жергілікті атқарушы органның қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою журналында тиісті жазба жүргізіледі.

28. Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюдан бас тартқан кезде жергілікті атқарушы органмен бас тарту себебі хатпен көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК